

Егемен Қазақстан

 **Egemen.kz**

Майдан мен еңбектің біртуар батыры

Келесі жылы Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталғанына 80 жыл толады. 1 418 күн мен түнге созылған сұрапыл соғыста сан мыңдаған қандасымыз отқа түсіп, қаншама боздағымыз ерлік көрсетті. Солардың бірі – биыл туғанына 100 жыл толған Кеңес Одағының батыры Сейітқасым Әшіров.

Кеңес Одағының батыры Сейітқасым Әшіров қазіргі Түркістан облысы Отырар ауданы Арыстанбаб кесенесінің жанындағы Қоғам ауылында 1924 жылдың 6 шілдесінде дүниеге келді. Бұл жылдары туғандардың балалық шағы ауыр болғаны белгілі. Сейітқасым ағамыз да талай қиындық көріп жетілді. Сегіз жасында, 1932 жылы ашаршылық болып, аяғынан енді тұра бастаған елді сарсаңға түсіріп, тентіретіп жіберді. Ал 1941 жылы соғыс басталғанда, ол небәрі он жетіде еді. Ә дегенде оның да Отан қорғауға аттанбақ ойы болды. Бірақ бірінші кезекте шақырылғандардың ішінде аты аталмады. Есесіне қос бірдей ағасы Мұратбек пен Сейітбек алғашқылардың бірі болып майданға аттанды. Өкініштісі, олар сол кеткеннен қайтып оралмады.

Сейітқасым өз дегенін істеуге дағдыланған өжет, қайсар бала болатын. Ол ұжымшардың арбасын айдауға сұранып, арбакеш бала атанады. Жұмыс ауыр. Елең-алаңнан басталған тіршілік қара кешке дейін созылады. Еңбектеген баладан еңкейген кәріге дейін «Бәрі де Отан үшін, майдан үшін!» деген ұранның төңірегіне топтасты.

Соғыстың екінші жылына аяқ басқанда Сейітқасымға да Арыс әскери комиссариатынан шақыру қағазы келді. Бұл 1942 жылы оның 18 жасқа толған күні еді. Сейітқасым бірден майданға апаратын шығар деп ойлаған. Бірақ олай болмай шықты. Арыс стансасынан шыққан эшелон батысқа емес, оңтүстік-шығысқа қарай тартты. Өзбекстанның Самарқан облысына қарайтын Қаттақорған қаласына келіп бір-ақ тоқтады. Осы жерде оларды жаяу әскер училищесінің әртүрлі салада әскери мамандар даярлайтын бөлімдеріне бөліп жіберді. Сейітқасым барлаушылар бөліміне тап болды. Қатал уақыттың тәртібіне қарай оқу қысқартылып, олар небәрі үш айдай ғана оқып, жаттықты. Дегенмен үш ай уақыт аз сын болған жоқ. Күн демей, түн демей тоқсан тәулік бойы жүргізілген тактикалық жаттығу сабақтары өрімдей жігіттерді қай жағынан алғанда да шынықтырды. Айналырған үш айда олар адам танымастай өзгерді. Мылтық жинаудан бастап, жаумен бетпе-бет кездескенде қолданатын айла-тәсілге дейін үйреніп, шапшаңдыққа машықтанды.

Кіші сержант С.Әшіров ұрыс даласындағы ерлік жолын Бірінші Беларусь майданына қарасты 96-атқыштар дивизиясының 331-полк құрамында қатардағы жауынгер-барлаушы болып бастады. 1942–1945 жылдары взвод командирі болды. Полтава қаласын азат ету үшін болған шайқаста С.Әшіров Қызыл Ту орденімен марапатталды. Бұдан кейін соғыста көрсеткен ерліктері үшін Қызыл Жұлдыз және III дәрежелі «Даңқ» ордендерін алды. 1944 жылдың 8 шілдесінде аға сержант Сейітқасым

Беларусьтің Барановичи аумағындағы Заболотье деревнясында екі қандыкөйлек майдандасымен бірге жау тылына барлауға шығып, тұтқиылдан миномет батареясына шабуыл жасап, 20-дан аса фашисті өлтіреді, қалғанын қашуға мәжбүр етеді. Осы шайқаста жаудың 6 минометін, 2 тягачын, 4 автомашина және радиостансасын қолға түсіреді. Жаудың 11 жауынгері мен офицерін тұтқынға алады. Осы ерлігі үшін КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1945 жылы 24 наурыздағы жарлығымен барлаушы С.Әшіровке Кеңес Одағының батыры атағы беріліп, Ленин орденімен бірге Алтын Жұлдыз медалі қоса тапсырылады. Ағамыз соғысты 1945 жылы 3 мамырда Бірінші Беларусь майданының құрамында Балтық жағалауында аяқтады.

Соғыстан кейін, 1946-1948 жылдары С.Әшіров Оңтүстік Қазақстан облысы Шәуілдір аудандық партия комитетінде нұсқаушы болып қызмет атқарды. Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетін бітіріп, заңгер мамандығын алып шықты. 1951-1957 жылдары Қызылқұм аудандық сотында халық судьясы болып істеді. Кейін Шардара ауданы Шардара кеңшарында директордың орынбасары қызметін атқарды. Осы қызметте жүріп, Самарқан қаласындағы ауыл шаруашылығы институтын бітіріп, ғалым-зоотехник мамандығын оқып алды. 1964 жылы Көксу, Шардара кеңшарларында бас зоотехник болып істеді. 1975-1987 жылдары зейнетке шыққанға дейін С.Әшіров Шардара кеңшарының директоры болып қызмет атқарды. Атағы бүкіл одаққа кең танылған кеңшардың даңқты дәуірі оның есімімен тығыз байланысты болды. С.Әшіров басқарған жылдар Шардара кеңшарының ең бір өркендеген, гүлденген, жұлдызы жанған алтын кезеңі болып тарихта қалды. Шардара кеңшарын Сәкең қабылдап алғанда, 40 мыңға жетер-жетпес қой болса, ол мұны 70 мың басқа жеткізіп, сапалы қаракөл елтірісін өндіруде аудан, облыс қана емес, республикаға әйгілі, экономикасы қуатты кеңшарға айналдырды. Сәкең ауыл тұрғындары тұрмысының, әл-ауқатының артуына үнемі назар аударып, қамқорлық жасады. Кеңшар орталығы заман талабына сәйкес қайта жанданды, Қызылқұм жиегінде жаңа фермалар пайда болды. Жүздеген гектар суармалы жер пайдалануға берілді. Шопандарға арнап үйлер, моншалар салынып, құдықтар қазылып, электр желілері тартылды. Осы жұмыстардың бәрінде Сейітқасым ағамыздың ұйымдастырушылық, іскерлік қабілеті айрықша көрініп тұрды. Оның ұзақ жылдар бойы атқарған жемісті еңбегі мемлекет тарапынан жоғары бағаланып, ордендер мен медальдармен марапатталды.

Кейіпкеріміз зейнетке шыққаннан кейін де өмір мектебінен жинаған тәжірибесін халыққа қызмет етуге жұмсап, барша елге ақылшы, көпке үлгі болды. Жары Жәмиламен бірге екі ұл, төрт қыз, ондаған немере тәрбиелеп өсірді. Олардың бәрі үлгілі отбасын құрып, еліміздің өркендеуіне үлесін қосып келеді. Кеңес Одағының батыры С.Әшіров 2004 жылы 1 шілдеде 80-ге келген шағында дүниеден өтті. Ол әйгілі Арыстанбаб әулиенің жанына жерленді. Содан бері 20 жыл өте шығыпты.

Біз батыр ағамыздың ерліктері туралы бала кезімізде ауыл ақсақалдарынан, мұғалімдердің әңгімесінен естіп, газеттерден оқып-біліп өстік. Кейінірек 70-жылдары Шардара ауданында қызметтес болып, аға-іні ретінде етене араласып, сыйласып, сырласып жүрдік. Ағамыз орта бойлы, денелі, дөңгелек жүзді, қыр мұрынды, реңді кісі еді. Ол табиғатынан сезімтал, жаңалыққа жаны құмар, ізденгіш, адамгершілік қасиеті жоғары, терең ойлап сөз қозғайтын, елдің, жердің жағдайын, арғы-бергі тарихын айтып отыратын, көпті көрген, дала академигі болды.

Бірде Жеңіс күнінің қарсаңында ағамыз соғыстағы бастан кешкен оқиғаларын айтып отырып былай деді: «Соғыста жеңіл-желпі тірлік болмайтынын өзің де білерсің. Мен барлаушы болдым. Әрине, барлаушы болу оңай емес. Қадам басқан сайын ажал аранын ашып тұрады. Мен батырлыққа ұсынылғаннан кейін сол атақты 8,5 айдан соң алдым. Сол екі арада опат болып кетуім де мүмкін еді. Әйтеуір, тірі қалдық. Барлаушылық – нағыз жүрек жұтқан батыр адамның ғана қолынан келетін әскери мамандық. Соғыста барлаушы болып, «тіл» алып келу қандай қиын болса, оның абыройы одан да бір кем емес. Олар тапсырманы орындауға жанын шүберекке түйіп аттанады. Әр тапсырманы орындауға аттанып бара жатып, енді қайтып келмеуің мүмкін екені еріксіз санаңда тұрады. Барлаушы көбіне жата қап, еңбектеп алға жылжиды. Одан тізең жауыр болады. Кейде сызы өңменіңнен өткен саз топырақтың үстінде қыбыр етпей бірнеше сағат бойы жатуыңа тура келеді. Басқасын былай қойғанда, сені неміс снайперлері де аңдиды. Сәті соқса, қағып түсіреді. Ал «тіл» әкелсең, бүкіл полк үшін үлкен мәртебе. Өйткені жаудың тактикалық жоспары мен айла-тәсілін, ішкі-сыртқы күш-қуатын алдын ала біліп алсаң, бұл жартылай жеңіске пара-пар. Егер шыбын жаныңды шүберекке түйіп жүріп әкелген «тілің» көп нәрседен хабарсыз, маңызды ештеңе болмай шықса ше? Мұндайда түн қатып, жау тылына қайта бет алуға тура келеді. Көлденеңінен тартып тасталған тікенек сымға, құрып тасталған минаға, атылған пулемет оғына ұшырап қалам ба деп қорыққаныңнан түртіндеп, төңірегіңді сипалаумен жүргенің... Кенет алдыңнан қара түнді қақ тіліп оқ борайды. Айнала төңірек соның жарығынан самаладай жап-жарық болып кеткенде жербауырламақ түгілі, қара жерге кіріп кете жаздайсың. Тастай қап-қара түнде қанша жерден қырағы, епті болғаныңмен, немістердің тосқауылына тап болуың әбден мүмкін. Мұндайда тез шешім қабылдай білу де жеңісті оңтайлы шешеді. Кейде өз әскерлерің танымай қалып, жаудың барлаушылары деп оқ боратып жіберетін кездері де болмай тұрмайды. Несін айтасың, барлаушылық – үлкен абырой ғана емес, өз басыңды қауіп-қатерге тігу деген сөз».

Кейінгі кезде Сәкеңді еске түсірген сайын мені бір ой мазалай беретін болып жүр. Соғыста ерлік көрсетіп, аман-есен елге оралған соң, еңбек майданына араласып, бұл жерде де ерен еңбектің үлгісін көрсеткен адамдар аз болған жоқ. Оның ішінде «Социалистік Еңбек Ері» атағын алғандар да баршылық. Міне, С.Әшіровтің еңбектегі көрсеткіші де шын

мәнінде Еңбек Ері атағына әбден лайық жан еді. Өкінішке қарай, кейбір кертартпа басшылар мен керексіз талас-тартыстың есебінен оған бұл атақ берілмей қалды.

Батырдың абыройын биікке көтерген асыл қасиеті – оның адалдығы, әділеттілігі, туралығы. Қандай қиын-қыстау кезде де ол арын таптатпады, намысын биік ұстады. Ар-намыс, адамдық пен әділдік үшін ұрыс майданында да, еңбек майданында да қарақан басы үшін емес, елдің намысын ойлады. Бұл тұрғыдан оның рухы халқымыздың от жүректі ұлдары Бауыржан Момышұлы, Рақымжан Қошқарбаев бастаған қаһарман қазақтармен үндесті.

Ол елін сүйген патриот, халқының болашағына сенетін асқан оптимист болып өмір сүрді. Қандай кедергіге тап болса да, тіпті аузын арандай ашқан ажал да оның халық алдындағы парызын өтеуге бөгет бола алған жоқ. Қажырлы еңбек өмірінің ақырғы сәтіне дейін жансерігіне айналды. Сәкендей батыр ұлын туған халқы көзінің тірісінде-ақ аялап, алақанына салды. Адамгершілігі, азаматтығы үшін құрметтеді. Шар болаттай шыныққан мықтылығын, қара нардай шыдамдылығын таныды. Оның майдан мен еңбектегі ерлік істері туралы 1985 жылы белгілі жазушы Қапан Қамбаров «Сейітқасымның жұлдызы» деген роман жазды. Ал биыл батыр ағамыздың туғанына 100 жыл толу қарсаңында елімізге белгілі қаламгер Болат Шарахымбайдың «Сұрапыл сынақ ғұмыры» атты кітабы жарық көрді.

Сейітқасым Әшіровтің 100 жылдық мерейтойы Түркістан облысы көлемінде кең ауқымда аталып өтіп жатыр. Аудан орталығы Шәуілдір ауылында Кеңес одағының батырына арналған «Ер есімі ел есінде» атты ғылыми-практикалық конференция, ақындар айтысы ұйымдастырылады.

Ел үшін ерлік жасап, еңбектің қара нарына айналған мұндай ерекше жандарға қандай құрмет көрсетілсе де көптік етпейді. Ел үшін етігімен су кешкен ерлердің ісі ұмытылмақ емес. Елдің тыныштығы мен халықтың бостандығы жолында күрескен ерлерді ардақтау, олардың көрсеткен жолын үлгі ету – әр ұрпақтың парызы.

**Қуаныш АЙТАХАНОВ,
қоғам қайраткері**